



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушылары Түрік кеңесінің түрік университеттері одағына мүше-университеттері арасындағы оқытушылар мен студенттер алмасуға ықпалдастық жасайтын «ORHUN» бағдарламасының аясында Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия елдеріндегі жоғары оқу орындарында болып, тәжірибе алмасып келді. **Толығырақ 3 бетте.**



24 сәуір – Атырау университетіне есімі берілген қайраткер, дәрігер, ғалым, педагог Халел Досмұхамедовтың туған күні. Тарихи тұлға жөнінде **4 бетте**



Сөз өнеріне жақын және поэзияны жаны сүйетін студенттеріміздің шығармашылығы **5 бетте.**

# АТЫРАУ UNIVERSITY

# Университет

Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ  
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№3 (117)  
Сәуір, 2022 жыл



## ҮНДІ ЕЛІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

**Нұр-Сұлтан қаласындағы Үндістан Республикасы елшілігінің бірінші хатшысы Санжай Веди Атырау университеті ұжымы және студенттерімен кездесті.**

Кездесу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастық, халықаралық қатынастар және білім ғылым саласы сөз болды. Санжай Веди өз кезегінде Үндістан

мемлекетінің 1950 жылдан бері келе жатқан стипендиясы жайлы толық ақпарат берді. Осы стипендияны алуға бакалавр, магистратура және докторантураға түсу мүмкіндіктерімен таныстырды. Стипендия тегін оқу, тамақ, жол ақы құны, және ақшалай стипендия берілетінін де атап айтты.

Бакалаврды бітіруші түлектерді магистратураға оқуға түсуге шақырып, екі жыл Үндістанда оқып ағылшын тілін жетік меңгерумен қатар Үндістанның мәдениетімен таныс болатынын жеткізді.

Кездесу барысында студенттердің академиялық ұтқырлық және қос диплом бағдарламасы бойынша, қонақ лектор шақыру бойынша да жұмыстар атқарылатыны сөз болды. Кездесу барысында Санжай Веди студенттер мен оқытушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Университетіміздің халықаралық бөлімі алдағы уақытта Үндістан елшілігімен жан-жақты тиімді байланыстар жүргізіп, университетіміздің мүмкіншіліктерінің артуына атсалысатын болады.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС - ФАКУЛЬТЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті мен Стамбул университетінің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің арасында мамандықтар бойынша ынтымақтастық байланыс орнатылды. Осы орайда Стамбул (Ticaret) университетінің ректоры Yücel Oğurlu мырзаның арнайы шақыртуымен біздің университетіміздің атынан, факультет деканы Бибігүл Бүркітқызы Қорған Түркия мемлекетіне сапарлап келді.

Айта кетейік, «Istanbul Ticaret University» – Стамбул сауда палатасының білім және әлеуметтік қызметтер қоры 2001 жылы құрған іргелі университет.

«Стамбул Тиджарет университетінде де 6 факультет бар. Мен гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінде болдым. Университетте студенттік кампус бар. Оқу орының талапкерлерге қоятын негізгі талаптарының бірі – университетте студенттер міндетті түрде ағылшын тілін білуі тиіс. Егер ағылшын тілінен

сертификаты болмаса, арнайы ағылшын тілінен дайындық мектебінен өтеді. Олардың кадрларды нағыз заман талабына сай дайындаудағы стратегиялық ұстанымдарына риза болдым.

Стамбул университетінің тыныс-тіршілігі мен ішкі құрылымы, академиялық бағытымен танысып, Атырау университетінің оқу үдерісі мен ғылым, тәрбие саласы бойынша атқарылып жатырған жұмыстарымен бөлістім. Халықаралық байланыс барысында факультеттегі журналстика, дизайн мамандықтарының тиімді ынтымақтастық жол картасы талқыланды. Мамандықтар бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасы туралы пікірлестім. Болашақта Стамбул университеті мен Атырау университетінің ғылыми байланысы нығайтып, ғылыми жарияланымдар, профессор-оқытушылар құрамының халықаралық біліктілігін көтеру және басқа да мәселелер бойынша тәжірибе алмасуды нығайтуға екі жақты нақты шешімдер қабылдадық», – дейді Бибігүл Қорған.



# НАУКА В НАШЕМ УНИВЕРСИТЕТЕ

ЕЛАМАН КАНАТОВИЧ АЙБУЛЬДИНОВ,  
ПРОРЕКТОР ПО НАУКЕ И МЕЖДУНАРОДНЫМ СВЯЗЯМ



В Казахстане становление и реформирование научной и научно-технической сферы пришлось на исключительно сложный период, связанный с переходом на рыночную экономику. В последние годы в Казахстане взят курс на развитие отечественного наукоемкого производства, разработку и освоение новых информационных технологий, ориентированных на получение конкурентоспособной продукции и обеспечение интересов национальной экономической безопасности и развитие промышленного и научно-технического потенциала республики.

В этих условиях активизируются инновационные процессы, внедрение новых технологических укладов, освоение новых передовых в обрабатывающей промышленности, развитие национального научно-технического потенциала, преодоление разрыва между наукой и производством, обеспечение реального трансферта передовой иностранной технологии и внедрение международных стандартов.

Вузы, которым на современном этапе гарантирована академическая автономия, должны не ограничиваться совершенствованием своих учебных программ и активно развивать научно-исследовательскую деятельность.

В высокотехнологичном и динамически развивающемся мире важную роль играет образование. Наука и технологии обретают все большую ценность, когда

хорошие умы стоят иной раз дороже золота, и потому главной задачей является возвращение таких умов. Только оно дает широкие базовые знания при оптимальном сочетании естественно-научных и гуманитарных дисциплин, воспитывает креативное мышление, способное не только к усвоению, но и к формированию новых нравственных, культурных, интеллектуальных и материальных ценностей. Это достигается не только за счет высокого качества собственно образования, но и его органического соединения с наукой, фундаментальными исследованиями.

Для праздника Дня казахстанской науки неслучайно была выбрана дата 12 апреля. Именно в этот день родился ученый-геолог, академик, первый президент Академии наук Казахстана Каныш Имантаевич Сатпаев. Кроме того, 12 апреля – День космонавтики, который также является событием в истории человечества, ставшим триумфом научной мысли. Поэтому символично, что 12 апреля – праздник работников науки. Как сказал Президент Республики Казахстан К.-Ж.К. Токаев: «Чтобы страна процветала, нужно развивать науку», мы должны и дальше продолжать развивать науку в целом, в том числе и академическую.

Казахстанская наука в последние годы получает большую поддержку со стороны государства, Министерства образования и науки. В целях развития науки, поддержки работников науки за годы Независимости был принят ряд специальных законодательных актов: Закон Республики Казахстан от 15 января 1992 года N 1192-III «О науке и государственной научно-технической политике Республики Казахстан», затем был принят Закон РК от 18 февраля 2011 года N 407-IV «О науке», позже вышел Закон Республики Казахстан от 31 октября 2015 года N 381-V «О коммерциализации результатов научной и (или) научно-технической деятельности». Все это в очередной раз доказывает, что для государства развитие науки на законодательной основе всегда являлось приоритетным делом.

В связи с этим определены несколько этапов, источников финансирования науки. Работа со стороны государства предполагает активизацию научно-исследовательской деятельности, стимулирование ученых к занятию наукой. В стране существует 3 формы финансирования науки: базовая, грантовая, программно-целевая. Также уделяется внимание расширению международных научных связей. Например, прозвучавшее в Послании Главы государства предложение «о ежегодной зарубежной стажировке 500 ученых» получило большую поддержку в среде отечественных ученых и профессуры. Через программу «Болашак» в 2022 году началась первая стажировка. В конкурсе приняли уча-

стие и наши коллеги. В итоге 6 преподавателей благодаря программе «Болашак» пройдут стажировку в ведущих вузах Европы.

В университете в 2021 году на общую сумму 42,1 млн. долл. реализовано 14 научных проектов, 1 экспедиция – проект. Из них 6 проектов – грантового финансирования МОН РК, 4 – внутриуниверситетских, 2 – международных проекта (Эразмус+ – Trigger-Тригер и совместный проект с канадским университетом Simon Fraser University), 2 – хозяйственных контракта.

В 2021 году сумма финансирования проектов по сравнению с 2020 годом составила 10 млн. долл. тенге (2020 – 31 млн. долл. тенге) или более 3 проектов (2020 – 12: 6 ГФ, 4 внутриуниверситетских, 1 Эразмус+, 1 хозяйственный).

В 2021 году по поручению Президента Республики Казахстан К.-Ж.К.Токаева создана комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, во всех регионах созданы специальные рабочие группы. 16 ученых университета приняли участие в исследованиях в составе рабочей группы, созданной по Атырауской области.

В 2022 году проводится внутренний конкурс научных проектов, продолжается осуществление университетского финансирования. Также наши ученые будут участвовать в конкурсе научных проектов, проводимом Министерством образования и науки.

Для повышения научного потенциала в университете в последние 5-6 лет мы начали целенаправленное обучение в докторантуре. До этого момента в докторантуре обучались 58 специалистов. Из числа обучающихся в докторантуре на сегодняшний день 20 докторантов получили степень PhD. Среди наших молодых ученых – специалисты в области экономики, финансов, юриспруденции, экологии, математики, информатики, психологии. Думаю, этим мы активизируем приход молодежи в науку. В целях мотивации молодых ученых существуют механизмы поддержки, предусмотренные коллективным договором. Например, одномоментное вознаграждение при защите и другие подобные меры.

Для активизации работы по развитию науки с 2020 года налажено внутриуниверситетское грантовое финансирование. Также внедрен механизм KPI, в конце каждого учебного года наши педагоги с высокими научными результатами получают доплату к заработной плате.

Уверен, что в Атырауском университете имени Х.Досмухамедова созданы все условия и возможности для дальнейшего устойчивого и планомерного развития академической науки.

## ЖАС ҒАЛЫМДАР - ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

ГҮЛДАНА ТАҢБАЙҚЫЗЫ БЕКОВА,  
ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ

Қай кезде де мемлекеттің дамуын жеделдету ғылымдағы жастарға артылған. Жас ғалымдарды Жаңа Қазақстанды құруға тарту – қазіргі заманның объективті қажеттілігі. Ойлау икемділігі, үнемі өзгеріп отыратын жағдайда тез үйрену және бағдарлау қабілеті бар, инновацияларға бейімділігі жоғары жастар дамудың стратегиялық ресурсына айналады.

Соңғы жылдары елімізде жас ғалымдардың саны артып келе жатқанын оң тенденция ретінде бағалауға болады. 2018 жылы 8 000-нан астам болса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 9 200 жас қызметкер еңбек етеді. Ал, Қазақстанда 1991 жылы ғылыми-зерттеулермен шұғылданушылар саны 42 мың адам болса, қазір бұл көрсеткіш 22 мыңға дейін төмендеген. Соның 34 пайызы орта жасқа толмаған жас зерттеушілер екен. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы бойынша биыл ғалымдардың санын 1,5 есеге, яғни 34 мыңға арттыру, оның ішінде жастардың пайыздық үлесі 50% дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, соңғы жылдары жас ғалымдарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, ғылым саласын бюджеттен қаржыландыру соңғы екі жылда 2 есеге

жуық өсті; ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру мерзімі 5 жылға дейін ұзартылды; бұрын гранттық конкурстар 3 жылда бір рет өткізілетін болса, қазір олар жыл сайын өткізіледі, соңғы жылы 5 конкурс болды; жас ғалымдар үшін жеке гранттар қарастырылып, биыл үшінші рет өтті; жас зерттеушілерге арнайы сыйлықтар тағайындалып, магистранттар мен докторанттардың стипендиялары өсті. Докторантура мен магистратура түсуге жылына 2 рет конкурс бар, грант саны артты.

Мемлекеттік басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қыркүйек айынан бастап ғалымдардың жалақысы көтерілді, бұл белгілі бір дәрежеде ғылыми кадрлардың кетуін тоқтатып, дарынды жастарды тартуға ықпал ете алады. Енді жас ғалымдарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету ең маңызды мәселе болып қалып отыр. Өңірге тартылған жас ғалымдарға мемлекет есебінен тұрғын үй немесе жер учаскесін беру қаралу қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар, облыстардағы өнеркәсіптер жас ғалымдарға ғылыми қажет технология әзірлеу не трансферттеу мәселесі тікелей тапсырылса ғылым мен өндіріс байланысы дами түсер еді.

Ғылым – ол қаржы мен уақытты көп талап ететін сала, яғни күрделі процесс. Сол себепті, ұрпақтар сабақтастығын да, ғылыми мектептердің дамуын да



ұмытпауымыз қажет. Ғалымдардың ізбасарларының болмауы «қолың сынғандай» бірден бiлiнбейдi. Сынған қол 1-2 айда жазылып кетер, ал ғылымдағы үзiлiс жылдар бойы

«сезiледi», ал кейбiр ерекше дағдылар, бiлiмдер, көзқарастар мен тәсiлдер мәнгiлiкке жоғалады. Сондықтан, ғылымда «демографиялық төмендеудi» болдырмауымыз қажет деп ойлаймын.

# «ORHUN» АЯСЫНДАҒЫ САПАРЛАР

## Қырғызстан, «МАНАС» УНИВЕРСИТЕТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 2022 жылғы жүзеге асырып жатырған нәтижелі жұмыстарының бірі халықаралық академиялық алмасу. Халықаралық байланыстың көлемді шараларын «ORHUN» бағдарламасы қамтиды. Міне, осы бағдарлама аясында мен және әріптесім, көптілді білім беру факультеті деканы Айгүл

студенттердің жұмысқа орналасуы өте жоғары деп айтты, себебі медиаорталық арқылы журналистика мен коммуникация саласы бойынша әбден тәжірибелі болып шығуға жағдай жасалған.

Және де осы іссапар барысында И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің тарих факультеті деканымен, кафедра меңгерушісімен кездестім.



Айтмұханқызымен Қырғыз елі астанасы Бішкек қаласындағы қырғыз-түрік «Манас» университетінде екі апталық тағылымдамадан өттік.

«Манас» қырғыз-түрік университеті 1995 жылы ашылған замануи рейтингіе жоғары университет. Студенттері 7 мыңға жуық, бәрі де бюджет негізінде оқиды. Материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз етілуі, оқытушылардың еңбекақысын төлеу Түрік мемлекетінің, студенттерге шәкіртақы төленуі Қырғыз елінің тарапынан жүзеге асады екен.

Университет ректоры профессор Алпаслан Джейлан қабылдап, университет жайында, университеттер арасында байланысты дамыту бойынша біраз сұқбаттастық. Мамандығы тарихшы Алпаслан Джейлан мырзаның тарих бойынша кітаптары аса көп. Сонымен қатар, гуманитарлық факультет деканы Ахмет Беше, декан орынбасары Алпаслан Ашык, Жылдыз ханым, тарих бөлімі басшысы Жеенбек Алимбаев әріптестеріміз біздің тағылымданың сәтті әрі нәтижелі өтуіне зор ықпал етті.

Тарихтан PhD Зухра Алтмышова мен археолог, профессор Қуватбек Табалдинов әріптестеріміз дәріс беретін «Тарих» бөлімінің 2-курсанда археология, 4-курсанда «ТМД түркі тілдес мемлекеттері тарихы» пәндерінен, магистратурада «Түркі эпостары» пәндерінен дәрістер оқып, студенттермен пікір алмастым. Студенттер тарапынан қазақ тарихына қызығушылық жоғары. Магистранттармен кездесуде Кенесары батыр, Орманбет манап, «Қырымның қырық батыры» жайында пікір алмасу жүрді.

«Манас» университеті тарих бөліміндегі тағы бір ұнағаны – «Орта Азия тарихы» клубы бар екен. Осы клуб мүшелерінің қатысуымен ғылыми семинар ұйымдастырылды. «XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» тақырыбы бойынша 1921-1922 жылдардағы, 1932-1933 жылдардағы ашаршылық, саяси репрессия құрбандары жайында пікір алмасулар жүрді. Тағы бір байқағаным, студенттердің оғыз кезеңіне қатысты тарихи деректерді білуге қызығушылығы жоғары екен.

«Манас» университетіндегі археология және этнология музейінде болып, тарихи ескерткіштермен таныстым. Бұл үшін профессор Қуватбек ұстазға, лаборатория жетекшісі Күнтуған мырзаға шексіз ризашылық білдіремін. Этнология және археология музейінде тас дәуірінен бастап, сақтар, көне түркілер, орта ғасырлардан көптеген құнды жәдәгерлер бар. Көп экспонаттар студенттердің археологиялық іс-тәжірибесі кезінде табылған. Атырау университетінің де студенттері мен оқытушыларының археологиялық тәжірибесі кезінде табылған деректерді университеттік музейге жинақтап, ұсынсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Университеттің «МедиаМанас» аталатын арнайы медиаорталығы бар. Бұл телеарнасы, радиоторабы бар, заманауи орталықтың студияларында кең танымал телебағдарламаларда түсіріледі. Жалпы коммуникация факультетін бітірген

3-курс студенттеріне «XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» тақырыбында қонақ дәрісін оқыдым.

Бішкек қаласымен танысудың бір күнін Ұлттық музейге арнадық, туысқан қырғыз елі тарихынан көп ақпарат алдық. Іс-сапарымыздың соңғы күнінде Қырғыз опера және балет театрының «Чолпон» қойылымына бардық.

Жалпы бұл тағылымдаманың мен үшін пайдалы тұстары өте көп болды. Наурыз-сәуір айларында Атырау университетіндегі әріптестеріміз Қырғыз елінен басқа да Түркия, Өзбекстан университеттерінде ORHUN бағдарламасымен іс-сапарда болды. Бізге де осы мемлекеттерден ғалымдар келуі күтілуде. Жақсы мүмкіндік жасаған Атырау университеті халықаралық байланыстар бөліміне ризашылық білдіремін.

**Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА**  
«Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., т.ғ.к



## Өзбекстан, КОКАНД УНИВЕРСИТЕТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті экономика және құқық факультетінің оқытушы ғалымдары ORHUN бағдарламасының аясында Өзбекстан Республикасының Коканд Университетінде болып келді. Аталған оқу орнының экономика және білім беру факультетінің 2-3 курс білім алушыла-

Республикасы зор ынтымақтастық мүмкіншіліктерге толы. Осы тұрғыдан, біздің Университетіміз Орта Азия елдері жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста. Бүгін Коканд Университеті мен Университетіміздің арасындағы әрістестік келісім шарттың негізінде қос университеттің факультеттері арасында



рына Эльмира Мизамғалиқызы Адиева қаржы, ғылыми-зерттеу әдістемесі, Жанаргул Қорғанышқызы Бисембиева экономикалық даму, экономикалық талдау, Венера Сүлейменқызы Төрегалиева психология, әлеуметтік психология, Эльмира Гайсақызы Гайсина ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәндерінен екі апталық дәріс және семинар сабақтарын өткізді.

Мемлекеттік саясаттың бір белгісі білім беру сапасын арттыру болса, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан

профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеушілік ынтымақтастық байланыс орнату, қосдиплом оқу бағдарламасы, академиялық ұтқырлық, тәжірибе алмасу жөніндегі келісім болды.

Коканд Университетінің экономика және білім беру факультетінің деканы Шохрузбек Равшанович Рузиев пен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің экономика және құқық факультеті деканы Эльмира Мизамғалиқызы Адиева ынтымақтастық келісімге қол қойды.

## Түркия, КАППАДОКИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

Мен аталған бағдарлама бойынша 7-21 наурыз аралығында Каппадокия университетінде болдым. Онда «аударма ісі» мамандығының студенттеріне «мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы мен практикасы» пәнінен дәріс оқыдық. Студенттермен кездесіп, университет туралы және 6B02301 «аударма және аударматану» білім бағдарламасымен таныстырдым. Олар өз кезегінде қызығушылық танытып, болашақта бұл пәндерді мүмкіндік болса онлайн арқылы оқығысы келетіндерін



айтты. Сонымен қатар, «аударма ісі» кафедрасы ұжымымен кездесіп, қос дипломды бағдарламасы, екі жақты келісім шарт бойынша профессор оқытушылар құрамының дәріс оқуы, ұтқырлық бағдарламасы арқылы студенттерді 1 семестрге оқуға жіберу туралы және басқа да өзекті мәселелерді талқыладық.

Белгілі болғандай, біз барған оқу орнында орыс тілінен сабақ беретін оқытушылар да тапшылық етеді екен. Сол себепті, олар бұл мәселені шешуге қаншалықты көмек бере алатынымызға қызығушылық танытты. Біздің университетімізде түрік тілінен дәріс оқитын оқытушыларға сұраныстың баын ескере отырып, бұл мәселені онлайн кездесу арқылы әрі қарай талқылау жоспарланды.

Сонымен қатар, сапар барысында

«Орхун» бағдарламасымен оқып жүрген қазақстандық студенттермен кездестім. Мені таң қалдырғаны – университет ұжымы және студенттер үш мезгіл асханада тамақтанады екен және ол жерлер сенбі, жексенбі күндері де ашық тұрады.

Қала жөнінде айтсам, Каппадокия Мустафа паша, Үргіп және Невшихер деген үш қаладан тұрады. Мен Мустафа паша қаласында болдым. Университет осы қалада орналасқан. Сол себепті бұл жерге шетелдіктер өте көп келетін көрінеді. Туристерді, әсіресе, олардың «Save hotel» қонақ үйлері мен көне тарихи ғимараттары қызықтырады.

**Акмарал Хатифқызы Хайржанова**  
«аударма ісі және шетел тілі» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.

# ҒАЛЫМ БОЛУ МЕНІҢ ДЕ БІР АРМАНЫМ

Қазақ халқында небір текті адамдар, талай гұламалар, біртуар тұлғалар, батырлар, ақындар, ғалымдар өмірге келген.

Енді адамзат бойындағы осы қасиеттердің барлығы бір адамның бойынан табылып жатса оған қызыға қарайсың, мен де сондай болсам деп армандайсың. Менің таң қалатыным адамның басында осыншама жан-жақты ізгі қасиеттердің болуында. Бұл орайда ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтің өмір жолын оқыған, оның еңбектерімен етене танысқан жан ғана ғалым ағамызды қазақтың маңдайына біткен бағы, ұлт болашағы жолында бар білімін сарқа жұмсаған қайталанбас «кемел тұлға» деп бағалар еді.

Халел Досмұхамедовтың шебер ұйымдастырушы, ғұлама ғалым, ұлы кемеңгер болумен қатар, бізге мұра болып жалғасқан медицина, биология, зоология, педагогика, филология, этнография, тіл білімі, фольклористика сынды көптеген саланы меңгерген біртуар тұлға екенінде. Сонау жылдардағы оқу мен жазуға да мүмкіндіктер жоқ болған қиын шақтарда қаламыңды сия сауытқа қайта-қайта батырып «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі», «Жануарлар», «Оқушылардың саулығын сақтау», «Гигиена» - сияқты оқу құралдарын жазып шығару қандай ғалымның болса да қолынан келе бере ме екен? Оған қоса ғалым ағамыздың қазақ тілін аса қастерлеген филолог әрі фольклорист екендігін 1922 жыл шыққан «Абайдың тандамалы өлеңдерінің» жарыққа шығуына ұйытқы болған еңбектерінен анық білеміз. Міне, Халел көкеміздің еңбегінің бұлақтай құяр сағасы да осы арадан басау алады. Себебі, ол кездегі заман зұлматы Абай өлеңдеріне де көлеңке түсірген кез болатын. Абай Құнанбаевты әрі зерттеп, оның еңбектерін жинақтап, жарыққа шығуына басты үлес қосқан Халел Досмұхамедұлы өзінің «Абайтану» атты ғылымның негізін салған. Ал, ғалымның өзі жазып қалдырған «Мен қазір ұзақ жылдар бойы ел арасынан өзім жинаған ғылыми маңызы жағынан өте бағалы этнографиялық материалдарды баспаға әзірлеп жатырмын», деген бір ғана сөйлемде ғалым ағамызды биік қырынан көрсетсе, ғұлама ұстаздығы тағы бар. Шынтауытқа келгенде Халел Досмұхамедов шебер ұйымдастырушы және мәдениет майданында да көшбасшы бола жүріп, Қазақ халық ағарту институтында тұңғыш жоғарғы оқу орнының білгір ұстаздарының бірегейі саналған. Ол «Қазақ - қырғыз тәлім-тәрбие үністетінің» ашылуына атсалыса жүріп, сол институтта педагогика - физиология пәндерінен сабақ берген. Тіпті, бір таңғаларлығы институт қабырғасында біреу жазатайым ауырып қалса ол студент не ұстаз болсын, тіпті кіші қызметкер болсын дереу ем жасап, әп- сәтте ауруынан айықтырып жібереді екен. Халел Досмұхамедов 1923 жылы халық ағарту комитетінің жанындағы ғылыми кеңестің төрағасы болып жүрген жылдары «Ең алғашқы латын әліпбиін» жазып шыққанын оның еңбегінің Европа елдеріндегі дыбыстарды таңбалау үлгісімен жазылғанын, ғылыми еңбегі Ташкенттегі Шығыстану институтында маман ғалымдарымен мақұлданығанын да «университетіміздегі «Халелтану» сабағын оқу барысында танысып білдік. Белгілі тұлғаның еңбек жолына зерттеу жүргізер болсақ, көп қырлы дарын иесі, қоғам мемлекет қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, ұстаз, ғылым қайраткері, ғалым, әдебиетші, фольклорист шебер аудармашы, әлем тілдерінен бірнеше

тілді білген полиглот екендігіне айқын көзіміз жеткенде таңданбақса лажымыз жоқ. Енді тілдерді меңгеру жағын сараласақ Халел Досмұхамедов - орыс, неміс, латын, араб, парсы, түркі халықтарының тілдерін емін-еркін меңгергенін өз ұлтының мақтанышы ретінде жоғары бағалайсың. Әсіресе, іскерлігін, ұйымдастырушылық қызметтері мен атқарған ұлан ғайыр еңбектерін, ерлікті сүйген ортада дүниеге келіп, ерліктің үлгісі «Исатай Махамбет» кітабын жазып шығуы бүгінгі ұрпаққа үлгі. Осы туынды арқылы Исатай мен Махамбет есімдері ЮНЕСКО көлемінде тойланған 200 жылдығында басты еңбек Халел Досмұхамедовтің еңбегі екендігімен өзге ұлттың ғалымдары да жақсы таныс. Тағы бір ерекшелігі сол жылдардағы бұқара халықты білімге жетелеу жолында қазақ басылымдарын шығарудағы редакторлығы, сан пікірлерінің өзі бір әлем. Бастысы, ғалым есімін өзі емес еңбегі барша әлемге танытқан, «Қазақ газетін» шығаруды қолға алған сол жылдардағы өз ұлтына, өз тіліне деген шын сүйіспеншілігі болатын.

Бүгіндері мен Халел Досмұхамедов атамызды өзімнің білімімді іздену жолындағы көшбасшы деп бағалаймын. Өзімнің Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті атнағымды мақтанышпен айтып жүретін боламын. Бір кезде анамның өзі білім алған осы жоғарғы оқу орнында менің де білімімді жалғастырғанымға қуаныштымын. Бұл өзімнің өмір жолымдағы басты арманым болатын. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» - деп дана Абай атамыз айтқандай болашақта өзімнің жан-жақты, көптіліді меңгерген, білімді, бәсекелестікке қабілетті тұлға болып шығатынымға нық сенімдімін. Күні кешегі, еліміздегі пандемия кезіндегі қиын ахуалды ойласам әттең, Халел атамыз қазіргі таңда өмір сүргенде ғой, бұл жұқпалы дерттің де емін әлдеқашан тапқан болар еді деп, ғалым ағамыздың рухына бас иіп, бір сәт жанарыма жас аламын. «Еліміз» деген ерлерін - елі ұмытпас» Ия, сондықтан Х. Досмұхамедов есімі бүгінгі барша ұрпақтар жүрегінен мәңгілік орын алып қана қоймай, медицина саласына өзіндік өлшеусіз үлкен еңбек сіңіріп, жаңалыққа жол ашқан ел ардақтысы, біртуар биік тұлға атанған ғалым ағамыз барша қазақ елімен мәңгі жасай бермек. Менің ғалым ағамыздың еңбектерімен жан-жақты кеңірек таныса отырып жарқын елдің білімді жасы ретіндегі ел зиялыларына айтар ұсынысым Алматы, Астана қалаларындағы медициналық оқу орындарының бірі осы Халел Досмұхамедов есімімен аталса қандай керемет болар еді. Бүгінгі таңда бізге Атырау университетінде «Халелтану» пәнінен дәріс беріп, Халел Досмұхамедовтің өмірі мен шығармашылығын толықтай меңгертіп, пәнге деген ынтымаз бен қызығушылығымызды арттырып, өн бойымызға ізгілік нұры мен елге, Отанға деген патриоттық сезімін ұялатқан пән оқытушысы, қадірлі ұстазымыз Гүлден Ғалымжанқызы Жұбанғалиеваға айтар алғысым шексіз.

Аружан АМАНТАЙҚЫЗЫ,  
«Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 2 курс студенті,  
Х. Досмұхамедовтың ғылыми  
еңбектеріне жасаған ментальді карта



## ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТАРИХЫНЫҢ Х.ДОСМҰХАМЕДОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

Х.Досмұхамедовтың сан қырлы қызметінің бір саласы оның тарих ғылымына қосқан үлесі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ғалымның жариялаған еңбектері қазіргі кездегі көптеген іргелі зерттеулердің бастамасы болды. Мамандығы бойынша әскери дәрігер болып табылатын Халел Досмұхамедов замана көшімен бірге ілесіп, сол тұстағы қазақ зиялыларының көпшілігі секілді сан қырлы қасиеттің иесі бола білді. Ол - қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, ұстаз, әдебиеттанушы және тарихшы, этнограф.

Х.Досмұхамедов жиырмасыншы ғасырдың басында қалыптасқан қазақтың зиялы қауымының аса көрнекті өкілі, күрделі тағдырдың иесі. өзінің азғана ғұмырында ол білімді ғұлама ғалым, еліміздегі білім, соның ішінде жоғары білім беру және денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы. Х.Досмұхамедов шығармашылығының үлкен бір бағыты қазақ халқының азаттық күресі тарихын қамтиды.

Оның қазақ батырларына арналған көлемді зерттеуі «Қазақ батырлары. Исатай, Махамбет» деп аталады, бұлардан басқа «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат», «Махамбет батыр», «Исатай кім?», «Родославная Жалантұс-батыра, (Ялантуш-бахадур), строителя медресе тилля-кары и шир-дор в городе Самарканде», «Жалантөс батыр» еңбектерін атауға болады.

Бұл еңбектердің азаттық күресі және батырлар тарихын зерттеуде деректік маңызы жоғары. Өйткені күні бүгінге дейін ірі ұлт-азаттық көтерілістерді басқарған батырларды болмаса, ел арасында есімдері айтылатын XVIII-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармаларында кездесетін батырлардың есімдері ескерілмей келді. Олар жөнінде белгілі драматург-жазушы Берік Қорқытов «Атырау билері мен батырлары» кітабында «біз батырдың қайсы десе, әуелден басы ашық Исатай мен Махамбеттен басқаны айта алмадық. Елі үшін еңіреп, халқы үшін қан жұтқан Атақозы, Өмір, Темір, Сүйінқара, Досан, Ағатай, Итемген, Табылды, Құлбарақ, Жапарберді, Мыңбай, Сұлтанкелді, Көктаубай, Төремұрат, Нарынбай, Өтен, Тұрлан, Өтепқали сияқты батырларды біле тұра ауызға алмадық. ...Қасиетіңнен айналайын халықтың жадынан құдіретті не бар? Сол ерлердің есімін азырмай-тоздырмай ауыздан-ауызға көшіріп базбаны қалпында бүгінге дейін жеткізді. Десе де, солардың әзіз есімін, ерлігін бүгінгі ұрпақ біле ме?» деп жазады.

Осы аттары аталған батырлардың есімдері Х.Досмұхамедовтің «Қазақ батырлары. Исатай, Махамбет» мақаласында да аталады. Патша үкіметінің езгісіне қарсы Кіші жүзе өткен азаттық күресінің бірқатары жайында былай деп жазады: «Бұлардың зорлары мыналар: 1785-1800 жылдардың шамасында байұлы байбақты руынан шыққан Сырым батыр Датұлының көтерілісі. ...Екіншісі, 1830-1845 жылдардың шамасында байұлы беріш руынан шыққан Исатай батыр Тайманұлының хәм Махамбет батыр Өтемісұлының көтерілісі. Үшінші, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының шамасындағы шекті руынан шыққан Есет ба-

тыр Көтібарұлының көтерілісі». Бұл мақаласында Халел азаттық күресіне қатысушы Құдабай, Дуғымшар, Кебіс, Құлшар, Батырбек батырлардың әлі де зерттелмей келе жатқандығына қынжылады, «тарихшы енді шықса керек» деп сенеді.

Х.Досмұхамедов «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты еңбегінде көтерілістің басталуымен қатар XVIII-ші ғасырдың 30-40-шы жылдары болған саяси ахуалға, Әбілқайыр хан және оны қолдаған қазақ батырлары жайында жазып өтеді. 1738 жылы Әбілқайырмен бірге ант беріп, қол қойған елу алты адам деп, әр рудан қол қойған 56 адамның санын келтіреді. Олардың қатарында Қошқарұлы Жәнібек пен Бөкенбай секілді батырларға назар аударады. Х.Досмұхамедов Әбілқайырдың орыс патшасына ант беруіне өзінің сөзқарасын Әбілқайырдың хан сайлануға ұмтылысы деп білдіреді. Осыған байланысты елдің билері екіге бөлініп кетті, бір бөлегі «арғын Жәнібек пен табын Бөкембай (Бөкенбай) болып соңына ерген елдерімен хан жағына шығып кетті» деп жазады.

Елдің саяси билігінен, бас еркінен айырылғанына қынжыла отырып 1731-1870-ші жылдар арасында қазақ қоғамында орын алған күресін 1731 жылдан бастап «кіші жүздің ханға болсын, сұлтандарға болсын, орысқа болсын көтерілістерінің бәрін патша үкіметіне қарсы көтерілістер деп атау керек» деп тұжырымдайды.

Х.Досмұхамедов батырлардың халықтың өз соңынан еруіне жағдай жасайтын мінезін сипаттама жасайды: 1. Исатай - нағыз батыр, орынсыз мақтанның батыры емес, керек орныда батыр; 2. Исатай - би, оның ішінде көп сөйлемейтін сабырлы адам, керек жерінде сөзгө шешен; 3. Исатай - тақуа адам, ол да көп алдында сыйларлық қасиет; 4. Исатай - алдау, арбауды білмейтін, әділ, турашыл адам; 5. Исатай - көпті ұйымдастыруға шебер адам.

Жалпы ел қорғаған қазақ батырлары жайында сөз еткенде олардың ата-бабаларының да халық арасында батырлығымен сақталған әулеттер болғаны байқауға болады. Мұндай тұжырымды Исатай Тайманұлы жайында да айта аламыз. Оның бабасы қазіргі кезде қазақтың беріш руының ұранына айналған жоңғарлар шапқыншылығы заманында ел қорғаған Ағатай батыр еді. Ал осындай ұрпақ сабақтастығын табын Бөкенбай әулетінің тарихынан да көруге болады. Әбілқайыр хан тұсында халқымызды қорғауға үлес қосқан Бөкенбай батырдың ұрпақтары Тіленші де, оның ұлы Жоламан да қазақ халқының патша езгісіне қарсы күресін бастаған тарихта есімдері қалған батырлар еді.

Келесі жылы туғанына 140 жыл толатын Халел бабамыздың мол мұрасын зерттеу әлі де жалғаса түсері сөзсіз. Оның қоғам, мемлекет, ғылым, мәдениет, тіл, тарих, әдебиет жайындағы еңбектері әлі маңызын жойған жоқ. Оның пікірлерінің өміршеңдігін бүгінгі кез дәлелдеп отыр.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИҚЫЗЫ  
тарих ғылымдарының  
кандидаты



## «ЖАСТЫҚ МАҒАН ОТ БЕРДІ ЖАЛЫНДАТ ДЕП...»

### ЖЫРЫМДЫ САҒАН АРНАДЫМ

Ұстаздар менен білімді жастар жиылған,  
Байыбын істің қиыстыратын қиыннан.  
Киелі білім ордасы – менің Халелім,  
Бейнеңнен ғана айналдым сұлу қиылған.  
Білім нәрімен сусындап талай шәкірті,  
Оқыған сенде студент шіркін бақытты.  
Кетпес ем сені ешқашан тастап, әттең-ай,  
Зымырап жатқан қайтейін мынау уақытты.  
Алға сүйреп көшімнің бастап басын.  
Атағың дүйім жұртқа асқақтасын.  
Ел бастайтын алыптар шығары анық,  
Ашып берсе білімнің бас қақпасын.  
Бағындырған асқар алып шыңдарды,  
Түлеп ұшқан дарынды ұл-қыздары,  
Талай жастың орындалып арманы,  
Көп таныды шығармашыл қырларын.  
Атағы шыққан елдің арасында,  
Іші толған парасат пен жарасымға.  
Атыраудың мақтанышы – универім,  
Орналасқан Ақ Жайықтың жағасына.

Әсемгүл СӘРСЕНОВА,  
«қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 2 курс студенті

АДАМ БОЛУ ОҢАЙ ЕМЕС БҰЛ ӨМІРДЕ  
Етін жейтін бір-бірінің пайда үшін  
Көрсетіп жүр мықтылар қайда күшін  
Бұл өмірде бірі аш қарын, бірі азық  
Құр халық жүр бәрі қорқып, бәрі азып.  
Көрсеқызар әр нәрсеге қызығып жүр  
Пайдакүнем өзінікін ұсынып жүр  
Аңқаулар жүр аузын ашып су бергенге  
Арамдар да аңқауларға құлшынып жүр  
Мін артпа біреуге сен қандайсың деп  
Көре алмастан алысқа бармайсың деп  
Өзіңе сал сол кінәнің барлығын да  
Құр сөзге өсекшіден қалмайсың деп.  
Қызармайды ашуға көп булығын  
Сөз берсе арты ұрысқа ушығатын  
Адам болу оңай емес бұл өмірде  
Затын емес атын көкке шығаратын

Мақсат ЖӘЙКЕС,  
журналистика кафедрасының 1 курс студенті

ӨМІРІНДІ БҰР ЖАҚСЫЛЫҚ БАҒЫТҚА  
Өміріңде ізденуден тарықта.  
Жоғарыға құлаш серме қалықта.  
Арманыңның жетегіне ілесіп,  
Қыран құстай биіктерге шарықта.  
Сынақта да сабырлықты таныт та,  
Өміріңді бұр жақсылық бағытқа.  
Дүние іздеп орынсыздан құнықта,  
Өзіңді әсте сыйлағанды ұлықта.  
Ауылыңнан алыс жаққа кетсең де,  
Дос жандарды ешқашанда ұмытпа.  
Сездіреді қасиетін қарасаң,  
Желсіз күнде айнадайын тұнық та.

Ақбота МЕНДЕШОВА,  
«физика, математика және ақпараттық  
технологиялар» факультетінің 2 курс студенті

### МЕН ТУҒАН АУЫЛ

Менің туып-өскен ауылым – белгілі қаламгер ақын, жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Хамит Ергалиевтің атындағы ауыл. Ол бұрын Новобогат деп аталған, 1999 жылы қазіргі атауын иеленген.

Біздің аулымыздың тарихы мол, әріден басталады. Үлкен кісілердің айтуынша, ауылдағы басты байлық көзі теңіз балығы болған. Кезінде орыстың бай көпестері иелік қылған теңіз балығының учаскесі ауылдың оңтүстігіне орналасып, ауланған балықтар кейде сол кездегі Гурьев қаласына, кейде Астраханға жіберіліп отырған. 1841 жылы қазіргі ауылдың орнында қамыс үйлер салына бастаған. Балықшылардың алыстан көзге түсетін осы үйлеріне қарап бұл жерді Қамысқала деп атап кетіпті деседі.

Ауылдың Новобогат деп аталуы жайлы да бір-жар әңгімелер бар. Бірінші аңыз былай өрбиді: ауылға кезінде Разиннен кейін 1880 жылдары Негай дегеннің баскесерлері бас сауғалапты. Жергілікті байлардың алтындарын алып кетуге келген Новиков, Выборнов, Богатиков деген үш адам осы жерде тұрақтап қалғасын, осы кісілердің фамилияларынан Новобогат сөзі шыққан дейді.

Қазіргі күні ауылымыз дамып, басқа жақтардан көшіп келгендер саны көбейіп жатыр. Қазіргі кезде бізде екі мектеп, 35 кереуеттік аурухана, мәдениет үйі және екі балабақша бар. Ауыл үстінен халықаралық маңызы бар «Атырау-Астрахан» трассасы өтеді, қазір ол күрделі жөндеуден өтіп жатыр, 2024 жылға дейін халық игілігіне берілмек.

Бұдан бөлек, ауылда мал шаруашылығы өркендеп келе жатқанын айтуымыз керек. Бүгінде ірілі-ұсақты шаруа қожалықтары мүйізді ірі қараны, жылқыны асылдандыру жұмыстарын қолға алып, тұрғындарды ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз етуде. «Қабибуллин», «Серияж» сияқты шаруа қожалықтары еңбегінің жемісін көріп отырғандар қатарында.

Осындай оң өзгерістерді көре отырып қуанамыз, өзім де өскенде туған өңірімнің көркеюіне атсалысым келеді. Бідің ауылымыздан шыққан таны-мал тұлғалар – өз алдына бөлек әңгіме. Былтыр Хамит Ергалиев атамыздың дүниеге келгеніне 105 жыл болды. Мерейтой тек ауыл емес, ел көлеңде атап өтілді, ақынның өлеңдерін оқып, шығармаларын сахналадық. Сол сияқты, белгілі қайраткер Иманғали Тасмағамбетовтің кіндік қаны тамған жер – біздің ауыл екенін мақтанышпен айтамын. Бұдан бөлек, қазіргі күні мәдениет, білім, ғылым, спорт саласында жетістікке жетіп жүрген ауылдастарым баршылық, олардың қатарында айтыскер ақындар Саадат Нұрманов, Серікбол және Амангелді Панабериеттерді, армстрелингтен Азия чемпионы атанған Асылан Харушев, қазақша күрестен Қазақстан чемпионы болған Олжас Сапарғалиев, Диас Мақсотовтары және басқа да көптеген танымал жерлестерімізді атауға болады.

Асылжан Зинеденов,  
журналистика мамандығының 1 курс студенті

### КАК ИНТЕРЕСНО ЖИТЬ

Милый мой, как интересно жить.  
Как хаотично сплетаются судьбы.  
И лишь случайность может решить  
С кем разойтись и кто с нами будет.  
Милый мой, как интересны люди,  
Что путают нити жизнь усложняя.  
Идут вопреки своей же сути,  
Свои же желания век отрицая.  
К чему всё притворство? К чему те границы?  
Зачем эти стены, что создали вы?  
Взгляните же шире, ведь мы словно птицы.  
Жизнь в ваших руках и ей правите вы.  
Все грани стираемы, прожиты страхи.  
Представить нельзя сколько власти в руках.  
Начни же сейчас свою жизнь сотворять и  
Как птица, свободно, взмахни в небеса.  
Милый мой, как же люди сложны.  
Создали себе излишне запреты.  
Взгляни на своё бытие с высоты,  
Религию в силах создать и заветы!  
Как много возможностей, выбор огромен.  
Десятки их, тысячи! Не перечить.  
Средь сотни сделаться Наполеоном,  
На троне истории гордо воссесть.  
Послушай, а может этому есть объяснение?  
В том, в чём счастье нашёл человек?  
Вот только стихает блеск глаз постепенно.  
Пред смертью он горько начнёт сожалеть.  
Один не общался с любимым ребёнком,  
Второй не сказал, что тайлось внутри.  
А третий...он пил, и плакал так горько,  
А после пил вновь, чтобы всё позабыть.  
Гора сожалений, что виснет над каждым.  
Не поздно ещё вину осознать.  
Молясь, все мы искупления жаждем,  
А проща лишь раньше ошибки признать.  
Нет смысла в молитвах, коль выбор был сделан.  
Не выйдут спихнуть всю вину в миг и в раз.  
Пожертвовать чем-то придётся за дело.  
Таков справедливости строгий указ.  
Цена этой жертвы вполне велика,  
И справедлива сей сумма утраты.  
За празднества платим чертами лица,  
Что к старости станут совсем грубоваты.  
Читала я в книжке одной, как юнец  
В раздолье погрязнув и в развлеченьях  
Грехи наносил свои на портрет,  
Совсем не думая о последствиях.  
И так жил он на широкую ногу,  
Летели года как огромнейший пир.  
Но совесть в конце забила тревогу,  
И жизнью своей юнец заплатил.  
Мораль книги той была в том, мой милый,  
Что должен разумнее тратить часы.  
Живи широко, но бойся обилия.  
Останься в истории, но не в грязи.

Александра КУРМАНГАЛИЕВА, РЯЛ-201

### РЕАЛЬНОСТЬ

Что для вас означает любовь?  
Любовь к человеку, к деньгам или к вещи.  
Говорят она безупречна! Горит как огонь  
И прекрасна как вечность.

Так говорят те, кто подлинно не любил.  
Всё красят в мятные цвета.  
И в ярко-розовый акрил.  
И это слово «навсегда»..

Нет вечного, всему есть срок.  
Свой рок, печальный так сказать итог.

Чему же ты наивно веришь? Что эту же любовь когда-то встретишь?  
Как глупо. Так мало в бытие морок?  
Создай себе мечту полегче.

И не стоит бросаться словами, что бесчувственный я уголёк.  
Этот уголь когда-то сгорал весь,  
От любви...получив свой урок.

А мораль урока проста – не подпускай так близко к сердцу.  
Так много хрупкого там, а может быть и пустота.  
Смотря, кого пустил ты в дверцу.

Александра КУРМАНГАЛИЕВА, РЯЛ-201

# ҚАЗАҚТЫҢ «ЕКІНШІ ШОҚАНЫ» ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Серікбол Қондыбай – ғұмырының жар-тысын қазақтың тарихын, мәдениетін, салт-санасын жаңғыртуға арнап, этнография мен археология, география мен ономастика, агиография мен теология, эпос пен тарих, мифология мен философия деректерін салғастыра зерттеп, түріктану мен қазақ тануға сүбелі үлес қосқан және түбегейлі зерттеуде зор еңбек еткен қазақтың өлкетанушы, географ, публицист, этнограф-ғалымы. Ол Маңғыстаудың Қарақия ауданы, Құрық кентінде 1968 жылы 14 наурызда дүниеге келген. 1975-1985 жылдары Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе кентіндегі 13 мектепте білім алған. 1991 жылы Қазақ ұлттық университетін бітіріп, 1991-1997 жылдар аралығында Маңғыстау, Үстірт мұражайы – қорығында, облыстық экология және биоресурстар басқармасында қызметкер, орта мектепте мұғалім, өлкетану, туризм, ландшафт эстетикасы мәселелері саласында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, байырғы қазақ шежіресі мен әфсана аңыздары, географиясы тұрғысында мағлұматтар жинастырып, бірнеше кітап жазған ғалым. Ғалымның «Қазақ мифологиясына кіріспе», «Қазақ даласы және герман тәңірлері», «Маңғыстау географиясы», «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Есен – қазақ», «Казакская мифология. Эстетика ландшафтов Мангистау», «Гипербория: түс көрген заман шежіресі», «Маңғыстау-нама», «Жауынгерлік рух кітабы», «Алпамыс ғаламы», «Арғықазақ мифологиясы 4 томдық», «Маңғыстаудың жер-су атаулары», «Мұрын жырау мұралары», «Медет шежіресі» және «Таңдамалы мақалалары» сынды зерттеу еңбектері бар. Тоғыз жыл бойы қара жерді бір басуға зар болып, төсекте таңылып жатса да, ізденісін тоқтатпай, қанымен, жанымен осынша өлмес туынды жазып қалдырған ғалымның жанқиярлық еңбегі мен қажыр-қайратына қалайша тәнті болмассыз?!  
Фәни жалғанда небәрі 36 жыл ғана ғұмыр кешіп, оның соңғы тоғыз жылын төсекке таңылумен өткерген Серікбол Қондыбай өзінің соңына жалпы көлемі 16 том болатын өлмес мұра қалдырып кетті. Тәні таңулы болса да, жаны жалынды, санасы көк пен жердің арасында самғап, шабытының пырағын шалдырмастан, қазақтың рухани аспанынан құйрықты жұлдыздай ағып өтті. Жай ғана ағып өткен жоқ, тарих пен тағдырдың тәлкегіне қақпақ болған қазақ руханиятының өресін биіктетіп, өрісін ұзартып кетті. Алуан салалы ғылыми ізденістердің көзін

ашып, ел мен жердің қадірін білетіндердің де, білмейтіндердің де көкірек көзін нұрландырып кетті.

Қоларбада отырып компьютерге үңіліп, көпшіліктің көмегімен жерге түсірілсе, көрпе үстінде етпеттеп жатып мифология бағытында кешенді тақырыптық зерттеулер, теориялық мәселелермен қарқынды түрде айналысып, көзі тірісінде ғылым әлеміне мол жаңалық әкелген он кітапты дүниеге әкелді. Оның тұңғыш кітабы «Маңғыстау географиясы» болатын. 1997 жылы шыққан бұл кітап – ауру азабымен арпалысып, жаны жабырқап жүрген кезінде көңіліне қуаныш ұялатып, талабын танытқан еңбегі еді. Оның «Маңғыстау географиясы» ғылым әлемінің мол олжасына айналған аса құнды еңбектерінің бастаушысы болды. Серікбол бұл еңбектерінде өзінің батыл да, маңызды ой түйіндемелерімен тез танылып, ел ғалымдарының ерекше назарын аударды. Денсаулығының өте ауыр жағдайында, ғылыми ақпаратпен ғылыми ортаның мүлде жоқтығына қарамастан ол тамаша зерттеулер жүргізіп, мифология, этногенез, тарихи география, лингвистика салаларында озық дүниелер жазды. Алғаш рет сараптамалық өреде қазақ тілін мифологияға тұғыр етіп, Қазақстанда мифтік-лингвистикалық мектептің негізін салып берді. Сол жолда, мифтік деректер мен мифологиялық нышан-символдарды жүйелеудің әдістемесін және әдіснамасын қалыптастырды. 2004 жылы мамыр айында Серікбол Қондыбайдың Ақтауда өткен шығармашылық кездесуі, Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Серікбол Қондыбай мұраларындағы арғықазақ мифологиясы және Ұлы дала өркениеті» атты II халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы, «ӨРЛЕУ» БАҰО АҚ филиалы ұйымдастырған «Серікбол Қондыбай мұраларын жалпы білім беретін мектептерде оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбында облыстық ғылыми-әдістемелік семинары, Есенов университеті ұйымдастырған «Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар контекстінде» атты облыстық ғылыми-теориялық конференциясы, сондай-ақ, қара шаңырағымыз – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде С.Қондыбай мұраларын танып-білу мақсатында студенттер арасында «Серікбол мұраларының студент-жастар үшін ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбында дөңгелек үстел өткені – оның айқын айғағы.

Осы еңбектер мен телегей-теңіз мұра-мирас біз үшін несімен қымбат, қандай



қадір-қасиетімен құнды?! Серікбол Қондыбай мұрасының ғалымдар атап айтар айтулы тұстары мыналар:

– Ұлттық мүдде, қазақтылық, ұлттық құндылықтар, тәуелсіз еліміздің басты мұрат-мақсаттары алдыңғы орынға шығарылып, батыл қорғалады;

– Көбіміздің ойлау жүйемізге әбден сіңісті болған, бұлтартпас қағидаға айналған ғалым-танымдағы астамшыл еуроцентризм ашық сыналады;

– Қоршаған ортаны танып-білу мен дүниетанымдымыздағы тамыр-тамырымызға жайылған отаршылдық саясаттың зардаптары айыпталды;

– Тың тақырыптар қозғалады, ұлттың жанына жақын мәселелерді айту мен шешуде таптаурын жолдардан бас тартып, мүлде жаңа шешімдер басшылыққа алынады;

– Басты іргелі еңбегі «Арғықазақ мифологиясында» қазақ ғылымында арнаулы зерттеу объектісі болмаған, кешенді зерттелмеген мифология тақырыбына тұңғыш рет қалам тартты;

– Өткен өмірді боямаламады, Тәңіршілдікті дәріптемеді, дін мұсылманшылықты ерекше құрметтеді;

– Гуманитарлық саладағы түрлі бағыт-бағдар, әдіс-тәсілдердің арасынан, ең тиімдісін тандап алды, әсіресе шетел ғалымдарының өміршең идеяларын дөп басып қолдады, оларды тармақтатпа тартып, ізденісін жалғастырды;

Ғылыми зерттеудің инемен құдық қазғандай бейнеті мен ауыр науқастың азабын асқан төзімділікпен қоса арқалаған ғажайып ерлік иесі Серікбол

да баяғы Шоқан Уәлиханов сынды қазақ ғылымының көгінен жарқырата із тастап, жұлдыздай ағып өтті. Осы еңбектерді жарыққа шығарып, ұрпақтар қазынасына айналдыру бізге қастерлі міндет! Серікбол Қондыбай аққан жұлдыздай қысқа да мазмұнды ғұмырында, өзінің азаматтық парызын осылайша атқарып кетті. 2015 жылы Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен Маңғыстау облысы, Шетпе ауылында Серікбол Қондыбай шығармашылығына арналған мемориалдық музей ашылды. Мұзей толықтай заманауи жабдықтармен жабдықталған. Жеті жылда көптеген жетістіктер көрсетіп, ғалымның шығармаларын халықаралық дәрежедегі ғалымдардың танысуына мүмкіндік жасалды.

Серікбол Қондыбайдың артында қалдырған рухани мол мұрасын тану үшін, жасалған ғылыми тұжырымдардың парқын пайымдап, құндылық деңгейінің қаншалықты маңыздылығын сараптап, жете түсінугіміз үшін, ең алдымен, осы мұраларды тудырушы Серікболдың өзінің кім екенін, оның азаматтық болмысын танып білуіміз керек деп ойлаймын. Ол ешқашан да сырын, сынын жоғалтпай, арғымақ ғұмыр кешкен қазақтың асыл перзенті! Тарих оған қарыздар... Қазақ мәңгілік оны ардақ тұтуы керек!

Алтынзер ТАЛҒАТ,  
көптілді білім беру факультеті  
«қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының  
3 курс студенті

## БЕКЕТ АТА ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Ұлан даламыздың перзенті Бекет Ата Мырзағұлұлы – ислам әлеміне танымал тарихи тұлға. Ол туралы алғашқы тарихи деректерді парсы-араб жазбалары құрайды. Бұл бағытта қазақстандық деректанушы ғалымдар Болат Көмеков, Меруерт Әбусейітова, Жұлдыз Төлебаеваның тұжырымды ғылыми зерттеулері бар. Мухаммад Ибн аль Бакир қолжазбасында «Бекет-Ата» өмірінде қиындықтарды көп көрген, ол – адам таңғаларлық кереметтер көрсете алатын үлкен қасиет иесі, сұпылықтағы ең жоғарғы мәртебесі – «машайық» дәрежесіне жеткен жан» деп жазылған. Өзбек зерттеушісі Ешмуратов өз еңбектерінде 1812 жылы жазылған Мухаммед Мехригунның «Рисолаи Хилфати Суфиho» еңбегінде Бекет 1764 жылы Маңғыстауда өмірге келіп, 1776 жылы Хиуадағы Шерғазы ханның медресесінде Бокиржон Бабаның шәкірті болғанын көрсетеді. 1788 жылдарға дейін осы медреседе білім алған. Кейін, Бокиржон Баба өз жазбаларында Бекетке – Бекет Бектұрды Бек Ахмат деген атақтар береді. Яғни, Ұлы, Сенімді, Бірбеткей, Дарынды деген мағынада. Орыс жазбаларындағы деректерді ғалымдар Бейімбет Ирмұқанов, Кереева-Қанафияева, Фетисов өз зерттеулерінде пайдаланып, ғылыми маңызын бағалады.

Белгілі қазақ ғалымы, филология ғылымдарының кандидаты Қабилла Сыдықыұлы 1885 жылғы «Русский архивте» жарияланған А.Дюгамельдің жазбаларында «Ақбор төбенің бетіндегі қасқырдың үңгіріндей тесікке бір адам зорға сыйып, үш құлаштай үңгірмен жүргенде екі екі жарым құлаш, биіктігі кісі бойындай дөңгелек киіз үй пішініндегі сағана тамға кіреді. Сыртта құдық бар. Оның оң қапталында тағы бір бөлме. Осылардың арасында сырқы түр. Жемдегі Ақмешітті бұдан елу жыл бұрын салған... Бекет өлген соң Оғыландыға қойылған», – делінгенін айтады.

Кеңестік кезеңде өмір сүрген белгілі дін ғұламасы Шоңай Шайхы өз замандастарына қажылыққа барған сапарында араб дінбасыларынан Бекет Ата туралы өте құнды дерек естігенін айтады екен. Ал, жылойлық Жолдасқали Сүйесінов Бекет Ата жайлы мәліметтің 1820 жылдары Бөкей Ордасында болған неміс саяхатшысы Шульцтің жазбаларында да бар екенін сөз етеді. Ол сонымен бірге «Еділ қалмақтарымен болған соғыста Бекет Ата жиырмадағы жігіт болса керек. Қалмақ әскерлеріне қарсы Бекеттің жалғыз өзі ту көтеріп шыққанда жау быт-шыт болып, жан-жаққа қашады... Осы жеңісі үшін ханның



әйелі Бопай Бекеттің бетінен сүйеді...» деп жазады. Бұл 1771 жылдың басында Еділ жағалауынан Жоңғарияға қарай үдере көшкен Убаши бастаған 30909 үй қалмақ пен жергілікті қазақтардың арасындағы атышулы айқас болса керек. Сол жылы Бекет Ата, шындығында да, 20-21 жас шамасында болған. 1771 жылдың қысындағы Айшуақ сұлтанның басшылығымен Сағыз өзені бойындағы, Әбілқайырдың Бопай ханымнан тұған ұлы Нұралы ханның бастауымен Ойыл мен Мұғаджар маңындағы қалмақтар мен қазақтар арасындағы қиян-кескі ұрыстар жайлы А.Левшин жазбаларында да деректер кездеседі. Қазақ халқының сан ғасырлар бойғы тарихы негізінен орыс шенеуніктері мен ғалымдары құраған мұрағат материалдарымен шектелмейді. Халқымыздың ауызша тарих айту дәстүріндегі деректерде де Бекет Ата туралы мол мағлұматтар бар.

Қазақ елі тәуелсіздікке қолы жеткелі бері де Бекет Ата жайлы бірқатар сүбелі еңбек жарық көрді. Өлкеміздің елге белгілі абзал азаматтары Бекет Атаны тануға ұмтылып ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, сонымен қатар қарапайым жұрт біле бермейтін тың ғылыми деректерді де жинақтап, көпшілікке ұсынып келеді. Олар: 400-ге тарта естелік әңгімелерді жинақтап «Бекет Ата» деген атпен баспадан шығарған Мырзабекұлы Ислам қажы (1993), ғалым Қабилла Сыдықыұлының зерттеу кітабы

(1994), Маңдайлы Қосымбаеваның «Бекет Ата – 250. Ас шежіресі», Гафу Қайырбековтың Бекет Ата туралы толғауы, Фариза Оңғарсынованың «Оғыланды», Рахмет Аяпбергенұлының «Бекет Ата» атты поэмалары, солармен қатар Есенғали Раушанов, Сабыр Адай, Мәлс Қосымбаев, Сайын Назарбеков, Әзірбайжан Қонарбаев, Сақып Керелбаев, Әбілқайыр Спан, Рахат Қосбармақ, Ғалым Әріп, Өмірзақ Озғанбай, Әбдірахман Базарбаев, Ырза Оңғарбай, Светқали Нұржан, С.Бөлекұлы, Л.Сисекенов, А.Ершуов, Қ.Жұмашев, Р.Зейноллақызы, Ж.Абижановтар сияқты басқа да көптеген қаламгерлердің кітаптары, жырлары, мақалалары, ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Ел тәуелсіздігін нығайтуға байланысты жеткіншек ұрпақты өз халқының тарихи, мәдени, рухани асыл мұралары арқылы отансүйіс азамат етіп тәрбиелеу және елжанды тұлға етіп қалыптастыру бүгінгі қоғамның өзекті мәселесі екені айқын. Олай болса, жас ұрпақтың ұлттық – тарихи санасын өркендетті деңгейге көтеру үшін Бекет Мырзағұлұлының тұлғалық қасиеттері өз маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Лесқали Базарғалиұлы Бердіғожин,  
тарих ғылымдарының докторы,  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті профессоры

## ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗДАЙ ЖАЛТ ЕТТІ



2001 жылы Х.Досмұхамедов атындағы институтты

ң ағылшын тілі мұғалімі мамандығын тәмамдаған. Сол 2001 жылдан кешеге дейін, жиырма жылдан астам уақыт «шетел тілін оқыту әдістемесі» кафедрасында болашақтың мыңдаған жас маманды оқытып, тәрбиелеу жолында абыройлы еңбек етті. Өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, еңбекқорлығымен, адамгершілік қасиеттерімен көптің құрметіне бөленді. Өзіне білім берген ұлағатты ұстаздарынан тәжірибе жинақтады. 2015 жылы осы білім шаңырағында педагогика және психология мамандығы бойынша магистратураны бітіріп, магистр атанды. Көптеген семинарларға, білім жетілдіру курстарына қатысып, ашық сабақтарын өткізді. Қоғамдық жұмысқа да белсенді араласып, ортаны жарқыратып жүретін жан еді, бір қабағын шытып, ренжіп жүргенін көрген емеспіз.

Өмірден көргені, көңіліне тоқығаны бар Дамира Жолдасқалиқызы нағыз толысқан шағында жұлдыздай жалт етіп, өмірден өте шықты. Өкініштісі, ерте кетті, жанындай жақсы көретін қызы Айлин, азаматы Асқар артында қалды. Ұрпағы өсіп-өне бергей! Отбасына сабыр бергей! Дамираның жарқын бейнесі ұжымдастарының жүрегінде мәңгі сақталады!

Марқұмның отбасына, барлық ағайын-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Жаны жәннатта, топырағы торқа болсын!

Кафедра ұжымы

Жаны нәзік, періштедей пәк, көңілі дархан қазақтың қарапайым қызы, көптілі білім беру факультеті «шетел тілін оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, әріптесіміз Дамира Жолдасқалиқызы 42 жасында ауыр науқастан дүниеден өтті. Бауыры суық қара жер бір асылымызды өте ерте арамыздан жұлып алғаны жанымызға қатты батады.

Дамира Жолдасқалиқызы Жұбайқұлова 1980 жылы 6 қаңтар күні Атырау қаласында дүниеге келген. Ақтау қаласында орта мектепті бітіріп,

## ДОС ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің дамуына 30 жыл адал қызмет етіп, зор үлес қосқан тұлғаның бірі - Әнияз Ұржымбайқызы Ермағамбетова. Газеттің кезекті санына «Университет» газетінің редакциясынан «Әнияз туралы жазып берсең бе?» дегенде біраз қиналып та қалдым. Себебі, күні кеше бірге жүрген дос туралы өткен шақта жазу қиын-ақ екен.

Әниязмен 1986 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсу емтиханы кезінде таныстым. Содан бастап студенттік те, әріптестік те кездерді бірге өткердік. Шын мәнінде Әнияздай адал да, сенімді досымның болғанына қуанамын. Студенттік кездің қызықты естеліктері ол бір басқа ғой. Бүгін оның Атырау университеті үшін қосқан елеулі еңбегіне тоқталсам деймін.

Университеттегі еңбек жолы 1992-1993 оқу жылында басталды. КСРО тарихы кафедрасына оқытушылыққа қабылданып, кафедра меңгерушісі Гинаятолла Нығметұлының басшылығымен жұмысқа кірісті.

Ұлттық университетте оқып жүргенде музейтану саласынан маманданудан өткендіктен, тарих мамандығы студенттеріне «Музей ісі», «Музейтану» пәндерінен дәріс оқыды. Музей ісі Әниязның өмірлік таңдауы десе де болғандай.

Біздің университеттің даму жолының шежіресін жазып, жәдігерлерді жинақтауды профессор Жиенбай Бақи бастаған еді. Қазіргі «Әбіш Кекілбаев атындағы әдебиеттану орталығы» орналасқан бөлмеде университеттің шағын музейінің негізін қалаған Жиенбай Базарбайұлы осы істі жалғастыруды Әниязға тапсырды. 1999-2000 оқу жылында ректор Ас-

хат Сәлімұлы университет музейін қайта жаңартуды музейтанушы маман ретінде Әнияз Ұржымбайқызына тапсырды. Музейді жасау барысында мен Әниязның күні-түні тыным таппай, эскизін жасауда, стеллаждарды орнатуда аса жауапкершілікпен жүргенін көрдім. Тіпті кейде жұмысты уақытында аяқтау үшін жұмыста қонып та қалған күндері болатын. Халел бабамыздың ұрпақтарымен, халелтанушы Ғарифолла Әнеспен кездесіп жәдігерлер іздестірді. Көп ізденістің нәтижесінде бас оқу ғимаратындағы музей іске қосылды.

2015 жылы Еуропаға сапарында Лувр, Версаль және басқа да музейлерден, 2019 жылы Атырау тарихи-өлкетану музейінің Санкт-Петербург қаласына іс-сапары кезіндегі Эрмитажан алған әсерлерін айтып, жаңаша идеяларын ұсынатын.

Одан кейін ғылым департаменті директоры, «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесі жетекшісі лауазымдарында нәтижелі жұмыс істеді. Университет оқытушысының бір міндеті - ғылыммен айналысу. Сондықтан, профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің ғылыми жетекшілігімен «Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы (XIX ғ. аяғы - XX ғ. басы)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

XIX ғ. аяғы - XX ғ. басындағы Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихын мұрағаттық деректер негізінде кешенді түрде қарастырды. «Ғалымның хаты өлмейді» дегендей, бұл еңбегі Әниязның артындағы мәңгілік мұрасы болып қалғаны даусыз.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИҚЫЗЫ, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.



## ҰМЫТПАС СЕНІ ҰЖЫМЫҢ

Жарқылдап кеше жүр едің,  
Сыйлы боп әркез ортада.  
Өмірден ерте кеткенің,  
Бауырдай батар арқаға.  
Әріптес едің біздерге,  
Көрген жан тегіс сыйлайтын.  
Ақ көңіл едің, кең едің,  
Қасыңа достар жинайтын.

Арманың алда көп еді,  
Жүруші ең күнде жарқылдап.  
Сұп-суық күзге айналды,  
Сен жүрген нұрлы алтын бақ.  
Қимаймыз сені ажалға,  
Амал не, бірақ, көнесің.  
Ұжымдас, бауыр жадында,  
Тұрады жарқын елесің!



Атырау университетінде физика ғылымының жарқын жұлдызының бірі және бірегейі, ҚР оқыту ісінің нағыз майталманы, ардақты ардагер-ұстаз, химия ғылымдарының кандидаты, профессор Галина Жайсаңқызы Жангерееваның дүние есігін ашқанына биылғы 19 қаңтар күні аттай 80 жыл толып отыр.

Галина Жайсаңқызы 1942 жылы 19 қаңтарда Маңғыстау облысы, Таушық поселкесінде дүние есігін ашқан. 1964 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін «математика және физика» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1967 жылы С.М.Киров атындағы орта мектеп мұғалімі болып

## Қымбатты Галина Жайсаңқызы! СІЗДІ МЕРЕЙЛІ 80 ЖАСЫҢЫЗБЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

бастаған, 1967-1969 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының мұнай химиясы және табиғи тұздар институты, 1969-1978 жылдары Москва қаласында КСРО Ғылым академиясының А.В.Топчиев атындағы мұнай-химия синтезі институтында «полимерлер физикасы және механикасы» мамандығы бойынша аспирантурада оқып, тағылымдамадан өтті.

Атырау университетінде аспирантура бөлімінің негізі қаланғаннан бастап 2000-2003 жылдар аралығында аспирантура бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Жарты ғасырға жуық қарапайым мұғалімдіктен бастап білім беру саласының барлық сатысынан өтіп, үлкен беделге ие болды. Үздіксіз ізденістер, тәжірибелер қою кезіндегі ұйқысыз өткізген түндер көп ұзамай 1976 жылы химия ғылымдарының кандидаты, 1998 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім беру және ғылым саласы бойынша бақылау және аттестациялау комитетінің шешімімен «доцент» атағын алуға қол жеткізді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 1981 жылдан 2013 жылға дейін физикадан сабақ берген, осы оқу орнының қалыптасып, дамуына үлкен еңбек сіңірген. Жалпы

физиканың барлық бөлімдері бойынша жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде дәрістер курсы оқып, студенттерге жақсы біліммен және талапшылдықпен ерекшеленетін зертханалық және практикалық сабақтар өткізеді.

Ғалымның жарық көрген 150-ден астам ғылыми еңбектің дені оптика, жалпы физика салаларын қамтиды. Галина Жайсаңқызының жетекшілігімен кандидаттық және магистрлік диссертациялар табысты қорғалды.

Галина Жайсаңқызы полимерлер қоспаларын зерттеумен шұғылданды. Ғалым Атырау университетінде шәкірт тәрбиелеумен бірге соңғы 20 жылда «Мұнай өңдеу өндірістен модельдеу жүйелері» бағыты бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірнеше гранттық қаржыландырылған жобаларында ғылыми жетекші, жауапты атқарушы болып қызмет істеп келді. Сондай-ақ ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларға мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізді.

Бүгінде аталған еңбектер мемлекет игілігіне пайдаланылуда. Отандық ғылымның дамуына қосқан үлесі бір бұл ғана емес. Бұл еңбектер ғалым есімін республика көлемінде ғана емес, сондай-ақ алыс-жақын шетелдерге де танымал етті.

Галина Жайсаңқызы Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, облыс әкімдігінің Құрмет Грамотасымен (2002), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (2006), «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2008), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Каспий маңындағы университеттердің қауымдастығының мерейтойына арналған медалімен марапатталған.

Галина Жайсаңқызы, сіз ғалым, шебер ұйымдастырушы ретінде бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп, елімізде білімді педагог кадрлар даярлауда өзіндік қолтаңбаңызды қалдырдыңыз. Қарашаңырақ Атырау университетінен басталған еңбек жолыңыз бен бүгінгі жеткен биік белесіңіз шәкірттеріңізге, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Сізде мерейлі күнмен құттықтай отырып, деніңізге саулық, жаныңызға амандық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, шығармашылық табыстар, отбасыңызға ырыс, береке тілейміз!

Бақытгүл Толыбекқызы Абыканова,  
«физика және техникалық пәндер» кафедрасы

## ӨЛКЕ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

ҚР Мәдениет қайраткері, композитор, дирижер Қуанышқали Мизамұлы Кипиев Қызылқоға ауданының Миялы селосында өмірге келді. Қаршадайынан домбыра, мандолина, баян, аккордеон, скрипкада өзбетінше ойнап үйренген баланың музыкаға қабілеті ерте байқалады. Мұндай дарынды оқушы мектептегі мұғалімдерінің жадында да ұзақ жылдар қалған болатын...

Кәсіби музыкант болуды армандағанмен, ол әкесінің кеңесімен Түркістандағы индустриалды-педагогикалық техникумға оқуға түседі. 1967-1970 жылдары «техник-механик, өндірістік оқытудың шебері» мамандығын игеріп, осы саладағы еңбек жолын бастайды. Оқи жүріп, музыкаға деген ынтасымен студенттік халық аспаптары оркестрінің құрамына кіреді. Ұжыммен Бүкілодақтық фестивальдерге қатысып, жүлделерге ие болады. Сахнадағы оркестр ойыны, әртүрлі аспаптардың алуан тембрі мен олардың әсем үндестілігі, жалпы шексіз музыка әлемі жас жігітті шабыттандыра түсті. Оның бала күнгі арманы жетелеп, ақыры осы кәсіби музыка мамандығын игеруге бел байлайды.

Ауылдан қашықта оқуда жүріп, ол прима аспабын меңгеруге ден қояды. Қызығушылықпен оқығаны сондай, ол арнайы училищеде оқыған студенттерден кем түспей, приманы кәсіби шебер орындаушы деңгейінде игереді. Институтта оркестр дирижері пәнін танымал ұстаздардан оқиды. Соңғы курстарда мамандардың тапшылығына байланысты оқытушылардың ұсынысымен төменгі курстарға сабақ бере бастайды. Факультеттің «Фараби сазы» фольклорлық ансамблінің құрамында шертер, домбыра, прима аспаптарында ойнап, ансамбльдің көркемдік жетекшісінің ассистент-дирижері болады. Студент кезінен көзге түскен музыкантты облыстық филармония мен мәдениет басқармасының қазақ ұлт аспаптар ансамблінің құрамына шақырып, ол мол тәжірибе жинай бастайды.

Қуанышқали Мизамұлы музыка саласындағы еңбек жолын 1981 жылы Гурьев мәдени-ағарту училищесінде бастайды. Бас аяғы бір айдың ішінде оқу орнындағы өзі шамалас жас ұстаздардың басын қосып, ансамбль құрады. Бағдарламасын жасап, дирижерлік етіп, концерт бергенде примада Н.Будашкиннің үш ішекті домбыра-прима мен оркестрге арналған концертін орындап, тыңдарманын тәнті етеді. Әрі қарай бұл оқу орнында студенттік оркестрдің дирижері, көркемдік жетекшісі қызметінде және прима, домбыра аспаптары мен дирижерлаудан сабақ беріп, 1988 жылға дейін қызмет етеді.

Ол ұйымдастырған ұжымдардың бірі – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жастарынан құрылған «Көңілашар» оркестрі еді. 2000 жылы оқу орнына ұстаздық етуге шақырылған Қуанышқали

Мизамұлы музыка факультетінің студенттік оркестрін кеңейтіп, жалпыуниверситеттік елу студенттен тұратын ұжымға айналдырады. «Тәрбиенің ең жақсысы – үлгі көрсету» дегендей, ол ұрпақты мәдениетке баулып, музыкалық-эстетикалық талғамын тәрбиелеуде ерекше үлгі бола білді.

Ұстаздық пен дирижерлықты қатар ұстаған шығармашыл тұлғаның өнер жолындағы жаңа бір белес 2001 жылы басталды. Бұл М.Кейтебібаев атындағы қалалық балалар музыка мектебінде директорлық қызметке келген жылдар болатын. Қуанышқали Мизамұлының аз уақыт ішінде мектеп мұғалімдердің халық аспаптар оркестрін құрып, қала алаңында концерт беруі оны танытын кәсіби мамандарды таң қалдырмады. Өйткені, айналасындағы әріптестер одан әрдайым осындай екінің бірінің қолынан келмейтін тың қадамдарды күтетін. Бұндай мерзімде біріккен ұжымның концерт беруі сирек кездесетін ұйымдастырушылық қабілеттің, кәсібиліктің көрінісі еді!

Көп ұзамай оркестрге Мәкәлім Қойшыбаев атағын беріп, 2008 жылы халықтық мәртебесіне ие болады. Бұл облыстағы оқу орындарының ішінен «халықтық» оркестр атағын алғаш алған ұжым болды. Сондай-ақ, бұл ірі бастама еді. Себебі, сол кезеңде оқу орындарында оркестрлер көп болған жоқ, олар кейін аудандарда да құрыла бастады. Мұнымен қатар музыка мектебінде ол оқушылардың қазақ аспаптар ансамблін де шығарып жүрді.

Қуанышқали Кипиевтің дирижерлық, композиторлық қырымен қатар, ғылыми-шығармашылық, музыкалық зерттеушілік бағытындағы жасаған еңбегі айтарлықтай зор. Облыстық халық шығармашылығы орталығында қызмет еткен жылдары басшылықпен қатар өңірдегі әуесқой шығармашылықпен айналысқан жергілікті композиторлардың таңдаулы ән-күйлерінің репертуарлық жинақтарын, танымал З.Есжанова, Ш.Шәріпов, Н.Имашев, Қ.Ихсанов сияқты тұлғалар туындыларының шағын ноталық кітапшаларын шығарды. Бұнымен бірге «қазақ оркестрі мен ансамбліне арналған партитура жинақтары мен хрестоматиясы» баспа жүзін көрді. Соңғы онжылдықтарда өзінің оркестрге лайықтап түсірген шығармаларының екі томдық партитуралары шықты.

Оның ғылыми ізденістері нәтижесінде «Өнер бастауы» (Е.Өмірөвпен бірлестікте, 2006 ж.), 2016 жылы «Дирижерлауға арналған хрестоматия» клавири мен «Халық аспаптары оркестрі даму тарихынан» еңбегі жарияланды. 2020 жылы облыстық мәдениет басқармасы тапсырысымен жүзеге асқан «Атырау өлкесінің күйлері» антологиясының екі томдығы жарық көрді.

Сонымен қатар Қуанышқали аға қоғамдық жұмысқа да белсене араласады. 2013жылдан бері Атырау



облыстық ардагерлер ұйымының жанынан құрылған ардагерлердің халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, әрі дирижері, сондай-ақ, былтырдан бері осы ұйымның мәдениет және өнер саласы ардагерлерінің төрағасы.

Қуанышқали Мизамұлының мерейлі 70 жас ғұмырының саналы 40 жылы өзі таңдаған дирижерлік қызметіне, онымен ұштастырып келе жатқан ұстаздық қызметіне арналды. Берері мол тәжірибелі маман бүгінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «музыка және өнер» кафедрасының доценті, Халықаралық ұстаздар Одағының мүшесі, Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі, «А.Байтұрсынов атындағы алтын медаль» мен «ҚР үздік педагогы» төс белгісі иегері.

Бақыт ТҰРМАҒАМБЕТОВА,  
өнертану кандидаты, музыкатанушы

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Қуатова – Редактор  
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы  
А. Ғинаятұлы – фотограф  
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:  
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай  
А.Өтемісқызы  
А.Сәлімгерейқызы  
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1446 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана